

## • Білімнің қайнар көзі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы - бірден-бір педагогикалық салалық кітапхана, отандық оқу және әдістеме әдебиетінің республикалық негізгі қоймасы, білім беру саласының барлық кітапханалары үшін ақпараттық-библиографиялық, ғылыми-әдістемелік және үйлестіру орталығы. Біздің кітапхананың аса құнды қорын бүкіл республиканың ғылыми қызметкерлері, білім саласы мамандары, оқытушылар, студенттер, кітапханашылар көп жылдан бері пайдаланып келеді. Кітапхана жұмысында еліміздегі білім беру жүйесінде болып жатқан барлық өзгерістер көрініс береді.

Кітапхананың ғылыми-библиография бөлімшесі кітапхананың ең ірі құрылымдық бөлімшелерінің бірі және республикадағы салалық педагогикалық библиография орталығы болып саналады.

Ғылыми-библиография бөлімшесі кітапханаға келіп түскен газет-журнал мақалаларына библиографиялық сипаттама жасап, жүйелеп, дәстүрлі және электрондық қорды қалыптастырып, толықтырып, әр түрлі библиографиялық көрсеткіштер дайындап, анықтама-ақпарат орындап, кітап көрмелерін ұйымдастырып, көпшілік жұмыстар өткізіп, кітапхананың анықтама-библиографиялық аппаратын жүргізеді. Барлық жұмыстар автоматтандырылған, кітапхананың негізгі ресурс көзі электрондық ақпарат базалары қалыптасқан, бүгінгі таңда кітапхана «MARC-SQL» кітапханалық-ақпарат жүйесімен жұмыс істейді, бұл бағдарлама ақпарат іздеудің қолайлы әрі тез мүмкіндіктерін беретін

библиография орталығы болып қызмет ете бастағаннан бері Қазақстанда теңдесі жоқ, бұрын соңды шықпаған, қарамағындағы кітапханалардың білім саласы қызметкерлеріне арналған қазақ және орыс тілдерінде шығатын екі ірі көрсеткіш: «Білім беру саласындағы атаулы күндердің күнтізбесі» – «Календарь знаменательных и памятных дат в образовании» библиографиялық ұсыныс көрсеткішін және тоқсан сайын шығатын «Қазақстандағы білім беру ісі мен педагогика» – «Образование и педагогика в Казахстане»: желдел ақпарат көрсеткішін шығарып, кітапханалар арасында өз мәртебесін көтерді.

үздіксіз процесс» ұсыныс-библиографиялық көрсеткіші; бастауыш және орта кәсіптік білім беру ісіне бағытталған «Қазақстандағы бастауыш және орта кәсіптік білім беру ісі» атты ұсыныс библиографиялық көрсеткіш; 4 бөлімнен тұратын қазақ тілінде шыққан «Қазақстандағы білім мен педагогиканың даму тарихы» (VI-XX ғ.ғ.) атты библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші;

4 бөлімнен тұратын орыс тіліндегі «История развития образования и педагогики в Казахстане» (IX-XX в.в.) атты библиографиялық ұсыныс көрсеткіші, «Қазақстандағы жоғары оқу орындары басылымдарының библиографиялық көрсеткіші»; «Жоғары және орта кәсіптік білім

шыларына, педагогтары мен кітапхана қызметкерлеріне арналған «2012-2013 оқу жылындағы мектеп мерекелерінің күнтізбегі» – «Календарь школьных праздников на 2012-2013 учебный год»: библиографиялық ұсыныс көрсеткішінде республикада дәстүрлі түрде аталып өтетін күзгі, қысқы, көктемгі және жазғы кезеңдерді қоса алғандағы мектеп мерекелерін ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі практикалық кеңестер берілген. Күнтізбеге енгізілген мектеп мерекелері қысқаша ақпараттық анықтамамен және әдебиеттердің библиографиялық тізімімен бірге берілген.

Барлық шығарып отырған

және Елбасының еңбектері жинақталған «Елін сүйген, елі сүйген елбасы», «1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні» атты үлкен кітап көрмелері; қазақ тілін оқып-үйренушілерге арналған «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» атты кітап көрмелеріне кітапханаға келіп түскен педагогика саласындағы кітаптар қойылады және жаңа түскен әдебиеттермен үнемі толықтырылып отырады. «Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана басылымдары» атты тұрақты көрмеге өзіміздің кітапхананың құрастырған әдістеме-библиографиялық көрсеткіштері жинақталады.

Бұл көрмелерден басқа ғылыми-библиография бөлімшесі мерекелер мен атаулы күндерге арналған көрмелерді ұйымдастырады: наурыз мейрамы қарсаңында «Наурызым – мерекем, наурызым – берекем»; Жеңіс күніне арналған «Отан үшін от кешкендер»; 1 маусым – балаларды қорғау күніне арналып «Бала – ел болашағы, мемлекет тұтқасы»; оқу орындарына түсуші талапкерлерге көмек ретінде «Оқуға өркімнің-ақ бар таласы» атты, сонымен бірге жылдағы дәстүрлі тамыз мәслихатына арнап, әр мәслихаттың тақырыбы аясындағы материалдар жинақталған көрме; Конституция күніне жасалған «Ата Заң – заңдар бастауы»; 1 қыркүйек – білім күніне орайластырылған «Оқу – білім азығы, білім – ырыс қазығы», ұстаздар күніне арналып «Ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында»; тәуелсіздік күніне арналған «Мәңгілік жансын бағың, тәуелсіз Қазақстан» атты кітап көрмелерін ұйымдастырып отырады, оқырмандар осы көрмелердегі кітаптарды еркін пайдалана алады.

Республикалық ғылыми-педаго-

# Жүйелі жұмыс

Ғылыми-библиографиялық бөлім «Білім беру саласындағы атаулы күндердің күнтізбесінде» Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы тарихи және ресми құжаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері туралы деректер, ағартушылардың, педагогтардың, ғалымдардың, білім беру саласы қызметкерлерінің, білім тарихын зерттеушілердің, оқулықтар мен оқу құралдары авторларының атаулы даталары жайлы мәліметтерді қамтиды.

беру ұйымдарындағы жаңарту технологиялары» ғылыми-көмекші библиографиялық көрсеткіш; «Орта мектепте 12 жылдық оқуға көшу – ұлттық білім жүйесіндегі маңызды жаңару кезеңі»: библиографиялық ұсыныс көрсеткіші; «Мектепте дарынды балалармен жұмыс істеу»: библиографиялық ұсыныс көрсеткіші, «Отанына қайта оралған есімдер. Қуғын-сүргінге ұшыраған білім беру саласының қайраткерлері» библиографиялық көрсеткіші, «Қазақстан Респуб-

көрсеткіштеріміз білім саласы қызметкерлері, оқытушылар мен кітапханашылар үшін таптырмайтын көмекші құрал деуге болады, өйткені қазіргі таңда педагогика саласына байланысты көкейтесті тақырыптарды жинақтап, құрастырушы, таратушы кітапхананың библиография бөлімшесі. Барлық библиографиялық құралдар білім жүйесі кітапханаларына тегін таратылады, білім жүйесі кітапханашыларының біліктілігін көтеру курстарында жарнамаланады.

көрсетудің жаңа технологиялық бағыты ретінде жүзеге асып отыр. Кітапханадағы Интернет жүйесі де оқырмандарға жаһандық электрондық әлемдегі жаңалықтарды іздестірудің және оқырмандардың ауызша және жазбаша сұраныстарын орындаудың оңтайлы түрі. Сонымен бірге бөлімше қызметкерлері Алматы қалалық, облыстық, республикалық біліктілікті жетілдіру институттарының және Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхананың өз базасында ұйымдастырған мектеп және колледж кітапханашыларының біліктілігін көтеру курстарында дәріс оқып, РҒПК-ның әр-алуан тақырыптар бойынша ұйымдастырған семинарлары мен конференцияларына қатысып отырады.

Ғылыми-библиография бөлімшесінің негізгі жұмыстарының бірі бөлімшенің шығаратын библиографиялық көрсеткіштері туралы ерекше айта кету керек. Кітапхана салалық педагогикалық

мен педагогика” жедел ақпаратының тоқсан сайынғы шығарылымына Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің даму мен жаңару бағыттары, халық педагогикасы, Қазақстандағы ағарту ісінің тарихы, тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі, оқыту процесін ұйымдастыру, оқytудың жаңа технологиясы, оқу пәндерін оқыту әдістемесі, мектепке дейінгі тәрбие және шет елдерде білім беру ісі жөніндегі газет-журнал мақалалары кіреді.

Бұл негізгі басылымдардан басқа білім беру және тәрбиелеудің көкейтесті бағыттары жөніндегі көптеген ұсыныс библиографиялық көрсеткіштер құрастырылған. Қазақстан тарихын зерттеушілерге арналған “Менің Отаным – Қазақстан” балалар бақшасының тәрбиешілеріне, бастауыш сынып мұғалімдеріне, білім беру жүйесінің қызметкерлеріне және кітапханашыларға арналған “Балаларды мектепалды даярлау мен бастауыш мектепте білім беру –

биобиблиографиялық көрсеткіші тағы да басқа көптеген библиографиялық көрсеткіштер жарыққа шықты.

Жоғарыда аталып өткен “Отанына қайта оралған есімдер” деген көрсеткіш туралы ерекше атап айту керек. Бұл биобиблиографиялық көрсеткіште 1930 жылдардағы репрессия құрбандары болып, жазықсыз атылып кеткен 28 білім саласы қызметкерлері мен педагогтардың өмірі мен қызметі, жазған еңбектері туралы тың деректер жиналған және “Қазақстан Республикасының білім министрлері” биобиблиографиялық көрсеткішінде халық ағарту саласында 1920 жылдан 2001 жылға дейін қызмет еткен 30 халық ағарту басшыларының өмірі мен қызметі туралы толық өмірбаяндық деректер берілген. Осы көрсеткіштің жалғасын шығару библиография бөлімшесінің жұмысында жоспарланып отыр.

Соңғы шығарылған білім беру ұйымдары кітапханаларының бас-

бөлімшесі тұрақты түрде оқырмандарға қызмет көрсету бөлімшесімен бірлесіп, көпшілік жұмыстарды да дәстүрлі түрде өткізіп тұрады: тақырыптық, әдеби-сазды кештер, білім мен ағарту саласында еңбек ететін мемлекет және қоғам қайраткерлерінің мерейтойларына арналған кездесу кештері, басқа да көпшілік жұмыстар өткізіліп тұрады. Бұл көпшілік жұмыстардың тарихи-танымдық, тәрбиелік мақсаты өте зор. Барлық іс-шаралар мемлекеттік тілде өткізіліп, қазақ тілінің мәртебесін көтеруге көп септігін тигізуде. Осы кештерге байланысты библиография бөлімшесі арнайы кітап көрмелерін ұйымдастырады.

Ғылыми-библиография бөлімшесі жаңа әдебиеттердің көрме шолуын ұдайы өткізіп тұрады және жаңа кітаптармен толықтырып отырады. Мысалы, тұрақты жұмыс істейтін “Қазақстан-2030: Білім мемлекеттік стратегия негізі”, Президент Н.Ә.Назарбаев туралы

лиография бөлімшесінің алға қойған жоспарлары көп, біздің кітапхананың профиліне сай осы заманғы жаңа қызмет түрлері де көбеюде. Қазіргі таңда кітапхана жұмысы заман талабына қарай күрделеніп, жаңа технологияларды қолданысқа енгізе отырып, уақытпен бірге қадам басып, жаңаша түрленіп келеді. Соған байланысты библиография жұмысы да жаңаша бағыттарға ие болып, жаңаша жұмыстар жасалуда.

Болашақта Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана одан ары өркендеп, кітапхана ісін жетілдіруге қомақты үлес қосатын ұйым ретінде мейлінше қажетті, пайдалы болатынына көміл сенімдіміз.

**К. ИМАНБЕКОВА,**  
Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхананың ғылыми-библиография бөлімшесінің басшысы.

Алматы.

## • Қоғам қайраткеріне арналды

Қазақ халқының рухани оянуы қазіргі - қалыптасып жатқан тәуелсіздігіміздің өміршең болуының ең негізгі шарттарының бірі болып есептеледі.

Қандай да бір тарих деңгейінде қалыптасып үлгірген ұлтты алып қарасақ, олардың ешкімге алғызбайтын үш қамалы бар. Оның бірі – ұлттық сенім, екіншісі – ұлттық тіл, үшіншісі – ұлттық өнер мен салт-дәстүрлер. Ұлт өміріндегі осындай маңызды мәселелер жөнінде терең ойлар қозғап, тың пікірлер айтқан, әлі де өзектілігін жоймаған, тұжырымдарға толы ХХ ғасыр қазақ демократиялық интелегенциясының қоғамдық, саяси, мәдени, әдеби мұраларын халқымыздың рухани байлығының інжу-маржаны деп айтуға болады. Солардың бірі қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақ

# Жаңа ӨМІРДІҢ жаршысы

КСР Оқу ағарту халық комиссары, саяси қуғын-сүргін құрбаны Сейітқали Меңдешев.

2012 жылдың 13-ші қарашасында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының ұйымдастыруымен қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақ КСР Оқу ағарту халық комиссары Сейітқали Меңдешевтің туғанына 130 жыл толуына арналған “Жаңа өмірдің жаршысы” атты еске алу кеші болып өтті.

Кешке жазушы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақта-

рының мүшесі, “Қазақ газеттері” Жауапкершілігі шектеулі Серіктестігі Бас директорының шығармашылық мәселелері жөніндегі өкілі Серікқали Хасан, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің магистратура және PhD докторантура институтының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Тілеубаев Шәмек Баянұлы, Сейітқали Меңдешевтің немерелері Молдағалиева София Мәлікқызы, Меңдешева Ару Ғұбайдулқызы қатысты.

Сейітқали Меңдешевтің өмірі мен қызметі туралы қысқаша хабарламаны жасаған Республикалық

ғылыми-педагогикалық кітапхананың қызметкері Клара Иманбекова, еске алу кешін жүргізген осы кітапхананың қызметкері Әлия Оразова.

Кешке шақырылған қонақтар Сейітқали Меңдешевтің өмірі, еңбегі, қоғам қайраткерлігі, ұстаздығы туралы туралы өз ойларын ортаға салды.

Кешке Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің студенттері, ғылыми қызметкерлер, кітапхана оқырмандары қатысты.

Кітапхана осы кешке арнап

Сейітқали Меңдешевтің өмір жолы мен еңбектеріне арналған арналған “Жаңа өмірдің жаршысы” атты тақырыптық кітап көрмесін ұйымдастырды.

Бүгінгі заманымыз - асылдарын қайта тапқан шақта ірі қоғам және мемлекет қайраткері, ағартушы, ғалым Сейітқали Меңдешевты жаңа қырынан тануға мол мүмкіндік туып отыр.

Қалаулы педагог, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Сейітқали Меңдешевтің өмірі мен қызметі - халыққа қалтықсыз қызмет студің тамаша үлгісі. Сейітқали Меңдешевтің есімі мен ісі халық есінде мәңгі сақталады.

**Л.БЕКТІБАЕВА,**  
Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімшесінің басшысы.

Алматы.